

**Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ
МКК-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша жүргізілген ішкі
талдау нәтижелерінің Талдамалық анықтамасы**

Астана қаласы

16 шілде 2024 жыл

Жұмыс тобы құрамында: жұмыс тобының жетекшісі – директордың оқу-өндірістік-тәжірибе жұмыс жөніндегі орынбасары Кадышева И.В., директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ы.Ахмет, комплаенс-офицері Оразбеков Д.Б., бас есепші Хамзина Ж.Т., әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы Хасенов А.С., кадр бөлімінің менеджері Жұпарбаева А.М., заңгер Ғабдуллин Б.К. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – колледж) директорының 2024 жылғы 20 мамырдағы №317 бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді.

Ішкі талдау 2023 жылдың 1 маусымынан 2024 жылдың 31 мамырына дейінгі кезеңді қамтиды.

Талдау Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгі қағидаларына (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16.01.№21 бұйрығы) мен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдары (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығы) негізінде жүргізілді.

Колледж туралы

Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Колледж) орта медицина және фармацевтика қызметкерлерін даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асырады.

Ақмола облысы әкімінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы «Денсаулық сақтау мекемелерін коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға айналдыру туралы» №68 Қаулысымен медициналық колледж базасында жедел басқару құқығымен Астана қаласының «Медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылды. 2013 жылы колледж Астана қаласы әкімдігінің «Медициналық колледж» МКҚК болып өзгертілді.

Астана қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы №106-1469 қаулысымен Астана қаласы әкімдігінің «Медициналық колледж» мемлекеттік

қазыналық кәсіпорны Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК болып қайта аталынды.

Колледж білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметімен айналысуға 01.12.2022 ж. берген мемлекеттік лицензиясы №KZ08LAA00032843 негізінде келесі мамандықтар бойынша іске асырады:

- 09120100 «Емдеу ісі» (біліктілігі: фельдшер);
- 09130100 «Мейіргерлік іс» (біліктілігі: мейіргерлік ісінің қолданбалы бакалавры, жалпы практикадағы мейіргер, массажист);
- 09130200 «Акушерлік іс» (біліктілігі: акушер);
- 09140100 «Зертханалық диагностика» (біліктілігі: Медициналық зертханашы);
- 09110100 «Стоматология» (біліктілігі: Стоматолог-дәрігердің көмекшісі);
- 09160100 «Фармация» (біліктілігі: фармацевт).

Колледжде 5 қабатты оқу ғимараты және 220 орындық жатақхана бар.

Колледж құрылымында кадрларды даярлау бойынша 4 бөлімше өңірлік симуляциялық орталық, орта медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша 1 бөлімше, әдістемелік қызмет, оқу өндірістік жұмыс және жұмысқа орналастыру қызметі, оқу-тәрбие жұмыс жөніндегі бөлім, студенттерді қолдау қызметтері (әлеуметтік-психологиялық, жастар ісі жөніндегі инспектор, медициналық қызмет), ақпараттық қамтамасыз ету), оқу бөлімі, кітапхана жұмыс істейді.

Колледждің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Азаматтық және Еңбек кодекстерімен, Жарғымен, сондай-ақ кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі. Колледждің мемлекеттік басқару органы Астана қаласының әкімдігі болып табылады.

Колледждің уәкілетті органы «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) Тексерілетін кезеңде колледжде қабылданған қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

3) құрамды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

4) оқу-өндірістік қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5) мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

6) оқу-тәрбие қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

7) Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

8) Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша қорытынды анықтама дайындау;

10) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін ашық интернет-ресурстарда жариялау;

11) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісін сыбайлас жемқорлыққа қарсы алқалы және консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында қоғамдық талқылау.

Колледж қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Ішкі талдау барысында қызметке қатысты нормативтік-құқықтық актілер, тексеру нәтижелері, БАҚ-тағы жарияланымдар және т.б. зерделенді.

Колледждің жеке ішкі құжаттары зерттелді:

1. Колледж жарғысы (Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» 2022 жылғы 01 қарашадағы қаулысы);

2. 2022 жылғы 22 мамырдағы колледждің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;

3. Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК – нің 2023-2024 жылдарға арналған даму жоспары;

4. 2022 жылғы 22 мамырдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

5. Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК 2020-2024 жылдарға арналған кадр саясаты;

6. Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК 2024 жылға арналған жеке еңбек даулары бойынша келісу комиссиясы туралы Ереже;

7. 2024 жылға арналған Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) реттеу жөніндегі татуластыру комиссиясы туралы Ереже;

8. Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК еңбек кітапшаларын жүргізу және сақтау Ережесі 2023 жылғы 03 қаңтар;

9. Адам ресурстарын басқару бөлімінің қызметі туралы Ереже 2023 жылғы 03 қаңтар;

10. 2024 жылғы 04 қаңтардағы адам ресурстарын басқару саясаты;

11. Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК педагогтерінің біліктілігін арттыру Ережесі 2023 жылғы 04 қаңтар;

12. Оқытушылардың біліктілігін арттырудың 2023-2024 оқу жылына арналған перспективалық жоспары;

13. Адам ресурстарын басқару бөлімінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары;

14. Искерлік этика кодексі (Бақылау кеңесінің 2024 жылғы 04 қаңтардағы шешімі);

15. Колледжде қызметтік тергеу жүргізу жөніндегі комиссиялық бұйрық 2024 жылғы 23 ақпан;

16. Ұжымдық шарт (серіктестіктің еңбек ұжымының 28.02.2022 ж. жалпы жиналысымен бекітілген);

17. Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК корпоративтік басқару кодексі (бақылау кеңесінің 2019 жылғы 27 маусымдағы шешімі);

18. 2024 жылғы 03 қаңтардағы колледждің ақпараттық саясаты туралы Ереже;

19. Колледж қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары (директор, директордың орынбасарлары, бөлім басшылары, меңгерушілер, оқытушылар және т. б.)

1. Құрамды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау

Адам ресурстарын басқару бөлімі

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді: Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін келесі мәселелер бойынша анықтау:

1) құрамды басқару, оның ішінде кадрлардың тұрақсыздығы;

2) мүдделер қақтығысын шешу.

1) Құрамды басқару, оның ішінде кадрлардың тұрақсыздығы:

Бөлім өз қызметін қолданыстағы заңнама талаптарына, сондай-ақ кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2024 жылға арналған штат кестесі 2023 жылдың 28 желтоқсанында кәсіпорынның Бақылау кеңесімен келісілді, кәсіпорын директоры бекітті.

Бөлім қарастырылып отырған кезеңдегі келесі статистикалық деректерді ұсынды:

2024 жылдың маусым айына колледждің штаттық кестесі бойынша – 181 бірлік, оның ішінде тізімдік саны – 148 адам, ӘБК – 17 адам, оқу-көмекші құрам – 20 адам, шаруашылық қызметкерлері – 19 адам санын құрайды.

Бос жұмыс орындары болған жағдайда, адам ресурстарын басқару бөлімі «Астана қаласының жұмыспен қамту орталығы» КММ-не өтінім береді және «Еңбек-kz» сайтында орналастырылады, содан кейін кәсіпорын кездесу сұхбатын жүргізеді.

2023-2024 оқу жылына колледжде 101 оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде: медицина ғылымының кандидаты – 2, (3%), 13 магистр (13%), 4 оқытушы-зерттеуші (5%), 6 оқытушы жоғары санатты - (10%), 6 оқытушы бірінші санатты (12%), 7 оқытушы - сарапшы (5%), 6 оқытушы екінші санатты - (8%), 7 оқытушы - модератор (4%).

Жалпы санаттылық 50%, бірінші, жоғары санат және магистрлердің үлесі 37%.

2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда – 52% (төмендеу 2%), бірінші, жоғары санатты және магистрлер үлесі – 41% (4%-ға азаю) **(бұл штаттық педагогтар санының 8% - ға артуына байланысты).**

Оқытушылардың штаттық саны – 113 бірлік, нақты саны да – 113 бірлік, оның ішінде штаттық оқытушылар - 101 адам (89,4%), қоса атқарушылар саны - 12 бірлікті құрайды.

Талдау кезеңінде еңбек тәртібін сақтамағаны және қызметтік этика нормаларын сақтамағаны үшін 8 оқытушы тәртіптік жауапкершілікке тартылды (*ескертулер мен сөгіс жарияланды*).

2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 31 мамырға дейінгі талданған кезеңде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 56-бап 1-тармағына сәйкес 38 қызметкер(лер) өз өтініштері бойынша жұмыстан босатылды. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылған қызметкерлер жоқ. Айналымға қатысты «командалық қозғалыстар» анықталмады.

Талданған кезеңде 44 қызметкер жұмысқа қабылданды («Астана қаласының Жұмыспен қамту орталығы» КММ арқылы).

Жұмысқа орналасу кезінде мониторинг жүргізіліп, жұмысқа орналасуға үміткерлерден тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағанын растайтын анықтама сұралады.

Ай сайын «Жұмыспен қамту орталығы» КММ-ге ақпарат, соның ішінде бос жұмыс орындары жіберіледі. Ақпарат «Еңбек-kz» сайтында

орналастырылады. Сонымен қатар, ақпарат толық көлемде, яғни біліктілік талаптарын сипаттай отырып, штат кестесі бойынша бос лауазымға жіберілген ҚР ЕК бойынша қажетті құжаттардың тізбесін көрсете отырып орналастырылады.

Тәртіптік жазалары алынбаған жағдайдағы қызметкерлерді ынталандыру орын алған жоқ. Сәйкесінше, ұқсас тапсырыстар байқалмады.

1) Жұмыс берушінің өз өкілеттіктеріне байланысты шартты сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар.

Тәуекелдердің алдын алу бойынша ұсыныстар:

Көтермелеу туралы шешім қабылдаған кезде алдымен тәртіптік жазаны алып тастауға ұсынылған Колледж қызметкерінің жұмыс нәтижелерін талдау қажет. Объективті критерийлердің бірі оның өз қызметтік міндеттерін дұрыс орындауын бағалау, сондай-ақ оның бұрын тартылған бұзушылықтары жойылған болуы шарт.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі талдамалық есепке қоса беріледі.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу:

Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдануы барысында анықталғандай оқытушы Әлиев Әлімхан Рахымжанұлы және оқытушы Жаупанова Зубайда Жұмабекқызы ерлі-зайыптылар, оқытушылар Уржанов Қалжан Данилович, Уржанова Сайда Қалжанқызы жақын туыстар (әкесі мен қызы), оқытушы Ахметова Гулдана Барысбекқызы және педагог-психолог Құлахметова Рая Маханбетқызы бір тума туыстар (қызы мен анасы), директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ахмет Күлшәрипа Ыбыханқызы және кадрлар бойынша менеджер Жұпарбаева Айгерім Мейрбекқызы бір тума туыстар (анасы мен қызы) болып табылады.

Бірақ бұл ретте Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 14-бабы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жоғарыда аталған қызметкерлердің ұйымдық құрылымы мен функционалдық міндеттеріне сәйкес тікелей бағыныстылығының болмауына байланысты қарастырылмаған.

2) Кәсіпорын ішіндегі ротация, сонымен қатар мүдделер қақтығысының факторын тиісті тексерусіз кәсіпорын ішінде лауазымға тағайындау, кәсіпорынның имиджі мен қаржылық қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етіп, Сыбайлас жемқорлық тәуекелі орын алуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

Кадрларды іріктеу және одан әрі ротациялау кезіндегі мүдделер қақтығысын бақылау және шешу бойынша адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы жауапты болып бекітілсін (колледждің сәйкес бұйрығы).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын іске асыруға сәйкес кадрлық басқару бөлімі келесі жұмыстарды жүзеге асырды:

- Колледж қызметкерлерінің, оның ішінде оқытушылардың дипломдарын тексеру үшін білім беру ұйымдарына 148 қызметкердің дипломының түпнұсқалығы туралы сұраулар жіберілді;

- Тексеру барысында комиссия хаттамасының негізінде аттестаттау органының біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарғаны расталды. Педагог-зерттеуші - 4; Педагог-сарапшы - 7; Педагог-модератор - 8.

- Штаттық кестеге сәйкес «жұмыс орнында жоқ» деп есептелген тұлғалар жоқ.

2024 жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетіне (бұдан әрі-ҚСЖАЕК) сұрау салу барысында, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша колледждің 148 қызметкері тексерілді.

ҚСЖАЕК-ге түскен ақпаратқа сәйкес, 147 қызметкердің қылмыстық істері үшін соттылығы немесе өтелмеген соттылығы жоқ, соның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қоса алғанда, сонымен қатар колледж оқытушысының бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы 1 факті анықталды;

Анықтама: Колледждің 1 қызметкері Х (арнайы пәндер оқытушысы) колледжге жұмысқа тұрғанға дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы 2-бөлігінің «В» тармағымен (алаяқтық) жауапкершілікке тартылған.

Шешім қабылдау барысында колледж басшылығы осы жағдайларды түсіндіру үшін «ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» ММ-не және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Астана қаласы бойынша департаментіне хат жолдады.

«Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің департаменті» мемлекеттік мекемесінің шығыс хаты № 2-21703-24-01265 08.04.2024 ж. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік секторда басқару функцияларын жүзеге асырумен байланысты емес тұлғалар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге жататын субъектілерге жатпайтыны туралы жауап берілді.

Сондай-ақ бұл қызметкерге оқытушының Конституциялық құқықтарын қозғайтын шектеу шараларын қолдануға жол берілмейтіні көрсетілген. Қызметкер жұмыс орнында оң сипатталады, оның кәсіпорындағы жұмысының барлық кезеңі үшін бұзушылықтары немесе жазалары жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының осы тармақтары бойынша адам ресурстарын басқару бөлімі тоқсан сайын колледж басшысына ақпарат береді.

Талданып отырған кезеңде қызметкерлердің қызметтік, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

2. Оқу-өндірістік қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Колледждің оқу-өндірістік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Оқу-өндірістік қызмет сыртқы және ішкі нормативтік құжаттармен реттеледі:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы;
- «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31.08. № 385 бұйрығы;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2008 жылғы 18.03. № 125 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03.08. № 348 бұйрығы;
- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 04.07. № ҚР ДСМ-63 бұйрығы;
- «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 09.01. №4 бұйрығы.

Қарастырылып отырған кезең үшін келесі статистикалық мәліметтер ұсынылды:

2024 жылғы маусымдағы жағдай бойынша студенттер саны 1212 адамды құрайды. Оқытушылардың штат саны 113 адамды құрайды.

Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жыл сайын білім алушылардың оқуға қанағаттануы бойынша сауалнама жүргізіледі. 2024 жылы студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша оқытушылардың өз лауазымын жеке мақсатта пайдаланғаны туралы білім алушылардан бірнеше шағымдар анықталды:

файлдарды басып шығару, презентациялар жасау. Қорытындысы педагогикалық кеңесте тыңдалып, оқу-әдістемелік бөлім басшысы колледж басшысының атына қызметтік хат жазды. Комплаенс қызметкері аты аталған оқытушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ескерту (жасырын сауалнама) берді.

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау оқу үлгерімінің тұрақты орындалу барысын бақылау, кредиттік технологияны қолдану арқылы аралық және қорытынды аттестаттау жүзеге асырылады.

Аралық аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. (2-бөлім)

Талданған кезеңде емтихандар мен сынақтарды өткізу тәртібінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері оқытушылардың академиялық адалдық принциптерін сақтамауы, баға қоюдағы біржақтылық, сыйақыны асыра бағалаумен немесе студенттердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қызмет көрсетуімен байланысты болуы мүмкін.

Ұсыныстар:

1. Жыл сайын «Оқытушы білім алушылар көзімен» тақырыбында студенттер арасында анонимді сауалнама жүргізу;

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында оқытушылар арасында академиялық адалдықты сақтау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Оқу-әдістемелік жұмыс келесі нормативтік құқықтық актілермен реттеледі:

- «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29.11. №583 бұйрығы;

- «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі Ережесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21.12. №644 бұйрығы;

- «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11.05. №190 бұйрығы;

- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28.01. №95 бұйрығы;

- «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27.01. №83 бұйрығы;

Колледжде әдістемелік жұмысты 4 Циклдік әдістемелік комиссиялар (бұдан әрі – ЦӘК) жүргізеді: №1, № 2 арнайы пәндер ЦӘК, ЦӘК жалпы

кәсіптік пәндер, ЦӘК жалпы гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік-экономикалық пәндер.

2023-2024 оқу жылына (аттестаттау жоспары 31.08.2023ж. директор бекіткен) «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (2016 ж. 27.017 №83 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2024 ж. 02.04 № 72) бұйрыққа сәйкес 21 педагог аттестациядан өтуге өтініш білдірді. Оның ішінде педагог-зерттеушіге – 3, педагог-сарапшыға – 6 (жеңілдетілген тәртіп бойынша 1 оқытушы), педагог-модераторға – 12 (жеңілдетілген тәртіп бойынша 2 адам).

Талдау нәтижесінде үміткерлердің барлық құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес оқытушыларды аттестациядан өту тәртібін анықтайтын қолданыстағы заңнамалық актілердің біліктілік талаптарына сай келетіндігі анықталды. Оқу жылында оқытушылар арасында жаңа форматтағы аттестаттаудан өту ережелері бойынша жүйелі түрде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. (Әдістемелік кеңес хаттамалары)

Талданған кезеңде оқытушылар Ким Б.Р. және Е.К.Джантемирова, санат мерзімінің аяқталуына және оқытушылардың жаңа форматтағы аттестациядан өтуінен бас тартуына байланысты колледж директорының бұйрығымен қолданыстағы санаттары алынып тасталды. 01.09.2023 жылдан бастап бұл оқытушыларға «педагог» санаты берілді.

Аттестаттау комиссиясының қызметіне байланысты, оған сыртқы тәуелсіз сарапшылар кіреді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығында ұлттық біліктілік тестілеуден міндетті түрде өткен кезде аттестаттауға қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Оқу-тәрбие қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорында оқу-тәрбие қызметі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатына негізделген 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында жүзеге асырады.

Колледжде оқу 54 топта жүргізіледі, онда бюджеттік негізде 36 топ, ақылы негізде 18 топ бар.

Топтарға 31.08.2023 жыл №465 бұйрықпен топ жетекшілер бекітілген.

Тәрбие сағаттары тәрбие құндылықтарының Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап бағыты бойынша жоспарға сәйкес өткізіледі.

Астана қаласы әкімдігінің «Білім басқармасы» ММ басшысымен келісілген мекеме аралық "Sanaly ugraq" сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үлгілік жоспары бекітілген.

Оқу-тәрбие жұмысы шеңберінде өткізілетін барлық іс-шаралар колледждің жеке сайты мен hmc_college инстаграмм парақшасында жарияланады.

4) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Бекітілген топ студенттерімен жұмыс барысында өзінің қызметтік жағдайын пайдалану бөлігінде топ кураторының Колледж этикасы мен мінез-құлық корпоративтік кодексін сақтамауы, (студенттің пайдасына қандай да бір шешім қабылдағаны үшін сыйлықтар, қызметтер немесе материалдық құндылығы бар кез келген басқа да ұсыныстар қабылдау)

Ұсыныстар:

Студенттер мен кураторлар арасында Колледж этикасы мен мінез-құлық корпоративтік Кодексін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету

Колледж көрсететін мемлекеттік қызметтердің тізбесі:

- 1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруге құжаттарды қабылдау;
- 2) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
- 3) Дипломға қосымшаның телнұсқаларын беру;
- 4) Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету;
- 5) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну».
- 6) Білім алушыларды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына ауыстыру және қайта қабылдау;
- 7) "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру"
- 8) Білім беру ұйымдарында оқитын білім алушыларға академиялық демалыстар беру;
- 9) «Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру»

Ішкі талдау кезеңінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен саны қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдері сақтала зерттелді:

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

Құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 18.10.2018ж. №578 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады. (18.10.2018ж. №578б. - ҚР Білім және ғылым министрінің 11.10.2022ж. №405 бұйрығымен жаңа редакцияда)

Тақ саннан тұратын іріктеу комиссиясы құрылды. Қабылдау комиссиясының құрамына колледж, жұмыс берушілер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес құжаттар топтамасын ұсыну арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы колледжге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) не қашықтықтан «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – Портал) не Egov.kz мемлекеттік көрсетілетін қызметтер порталы арқылы хабарласады.

Ішкі талдау кезеңінде 1011 қызмет көрсетілді. Аталған мемлекеттік қызметті көрсетудің белгіленген мерзімдерін бұзу және шағымдар болған жоқ.

Рейтинг кезінде адам факторы алынып тасталғандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ: құжаттар тіркеу журналына тіркеліп, электронды порталға жүктеледі, сондай-ақ Ұлттық білім беру деректер базасынан үміткердің орташа конкурстық балы біріктірілген.

Рейтинг порталда автоматты түрде жүзеге асырылады.

2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі және

3. «Дипломға қосымшаның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметі.

Жеке тұлға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттың телнұсқасы мен диплом қосымшасының телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорациясы) арқылы немесе ТжКБ ұйымының кеңсесіне не www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш формасында немесе ТжКБ ұйымы басшысының атына электронды

күжат түрінде жолдайды. Колледждің жауапты тұлғасы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мерзімде стандартқа сәйкес құжаттың телнұсқасын дайындайды.

Ішкі талдау кезеңінде 77 қызмет көрсетілді. Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдерін бұзу және шағымдар орын алған жоқ.

Өтініш беруші мен орындаушы арасында тікелей байланыс болмағандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

4. «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету» мемлекеттік көрсетілетін қызметі.

Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидалары» (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде жүзеге асырылады.

Жатақханадағы орындар конкурстық негізде колледждің арнайы құрылған комиссиясымен бөлінеді (25.08. 2023 ж. № 438 бұйрық).

Студенттердің өтініштерін жан-жақты және жариялы түрде қарау, сондай-ақ олардың нәтижелері бойынша білім алушылардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмейтін шешімдер қабылдау конкурстық комиссия отырысының қорытындылары бойынша шешімдер қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

Колледж 24.08.2023 ж. жатақханада тұру Ережесін бекітті. Студенттердің жатақханада тұруы үшін төлем айына 10 000 теңгені құрайды, көрсетілген күн кәсіпорынның Бақылау кеңесімен бекітілген 2024 жылға арналған ақылы қызмет көрсету прейскурантта айқындалған. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жатақханадан орын тегін беріледі.

Конкурс комиссиясы жатақханадағы орындарды негіздер мен басымдылықтарды ескере отырып келесі кезектілік тәртібімен бөледі:

1) Даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар - мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедектігі бар адам болып табылатын адамдар;

2) Кәмелеттік жасқа жеткенге дейін ата-аналарынан қамқорлығынсыз қалған жастар арасынан адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, сондай-ақ қандастар;

3) Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бірінші курсқа оқуға қабылданған, білім беру ұйымы өткізген конкурс немесе әңгімелесу нәтижелері бойынша жоғары балл жинаған студенттер;

Білім беру ұйымы жүргізген оқуға қабылдау нәтижелері бойынша баллдар тең болған жағдайда растаушы құжаттарды ұсыну кезінде білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі.

4) Оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыстарда жоғары нәтижелерге ие болған жоғары курс студенттері;

5) оқу ұйымының басқа білім алушылары.

Ішкі талдау кезеңінде 257 қызмет көрсетілді. Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдерін бұзу және шағымдар орын алған жоқ.

5) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жатақханаға орын беру кезеңінде жатақхана меңгерушісінің қызмет бабын асыра пайдалануынан туындауы мүмкін. Бұл тәуекел белгілі бір өтініш берушілерге артықшылық беруге мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:

Оқу-тәрбие бөлімі комплаенс қызметкерімен бірлесіп «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабын және ішкі тәртіп Ережелерін бұзушылықтардың алдын алу бойынша қызметкерлерге тұрақты мониторинг және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

5. «Азаматтардың жекелеген санаттарын, сондай-ақ қорғаншылықта (қамқоршылықта) және патронаттағы адамдарды, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілерін тегін тамақтандыру» мемлекеттік қызметі.

Жекелеген санаттағы құжаттарды қарау мен растауды Білім Министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 бұйрығына сәйкес «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» бойынша колледжде арнайы құрылған комиссия жүргізеді.

Тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына жататын адамдар «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысында айқындалған.

Талданып отырған кезеңде тегін ыстық тамақпен қамтылған білім алушылардың жалпы саны 15, оның ішінде 12 білім алушы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, 3 білім алушы аз қамтылған отбасынан.

Білім алушыларға әлеуметтік көмектің мөлшері, көздері және түрлері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы білім алушылар мен студенттерге әлеуметтік көмек көрсету туралы» ҚР Үкіметінің 19.03.2024 ж. №205 қаулысының 5-қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

Білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету олардың дербес шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жетім балалар әрқайсысына бөлінетін сома 43 860 теңгені құрайды. Көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылар үшін 17 490 теңгені құрайды.

Басшының бұйрығымен бекітілген комиссия Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес растайтын құжаттарды қарағандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

6. «Білім алушыларды техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттің қызметі

«Білім алушыларды білім беру ұйымының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (1-қосымша) «Техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №19 бұйрығымен реттеледі.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсына отырып, ауыстыру туралы өтінішпен көрсетілетін қызметті берушіге немесе «электрондық үкімет» веб-порталына жүгінеді.

Білім алушыларды оқуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімнен екіншісіне, бір мамандықтан екінші мамандыққа ақылы негізде ауыстыру жүзеге асырылады.

Білім алушыларды оқуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытудың бір түрінен екіншісіне, бір тілдік бөлімнен екіншісіне, бір мамандықтан екінші мамандыққа ақылы негізде ауыстыру туралы шешімді алқалы орган (Педагогикалық кеңес) белгіленген тәртіппен Ережеге сәйкес қабылдайды, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жояды.

Басқа білім беру ұйымынан ауыстыру курстар бойынша тиісті оқу топтары және мамандықтарының сәйкестігі болған жағдайда ақылы негізде Стандартқа сәйкес оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқу нәтижелеріндегі бар академиялық айырмашылықты тапсыру кезінде жүзеге асырылады. Өтініштер Ережеге сәйкес колледж кеңсесіндегі мемлекеттік қызмет

көрсету журналына тіркеледі және құжаттар кезектілік тәртібімен оқу бөліміне қарауға беріледі, бұл үміткерлерді кезектен тыс жоғарылатуды болдырмайды.

Ішкі талдау кезеңінде 63 қызмет көрсетілді. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

7. «Техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік қызметі.

Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (2-қосымша) негізінде реттеледі.

Тұлғаларға берілетін анықтама техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді аяқтамаған, аралық аттестаттау нәтижелері бойынша оқу ақысын төлемегені үшін және академиялық демалысқа шығарылған білім алушыларға беріледі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының жарғысында көзделген жағдайларда Стандартқа сәйкес көрсетілетін қызметті алушының өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Өтініштер Ережеге сәйкес колледж кеңсесінде мемлекеттік қызмет көрсету журналында тіркеледі және оқу бөліміне орындауға беріледі.

Ішкі талдау кезеңінде 21 қызмет көрсетілді. Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8. «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» мемлекеттік қызметі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №506 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидалары» (жаңа редакцияда 15.04.2020 №144б.) бойынша реттеледі.

Студенттерге академиялық демалыс мыналар негізінде беріледі:

1) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттамасының № 026/е нысанына сәйкес ауруы бойынша ұзақтығы 6-дан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйымның Орталық дәрігерлік консультациялық комиссиясының (бұдан әрі – ДКК) қорытындылары;

2) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы IV санатындағы № ТБ 014/е нысанына сәйкес ұзақтығы 36 айдан аспайтын мерзімде туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымның Орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясының (бұдан әрі – ОДКК) шешімі;

3) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығымен бекітілген, әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес әскери қызметке шақырылған жағдайда әскери қызметке шақырту қағазы;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 9 «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық және қағаз жеткізгіштегі акт жазбаларының, куәліктер мен анықтамалардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығына 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш жасқа толғанға дейінгі баланың туу туралы куәлігі немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін талап етіледі) негізінде беріледі.

Ішкі талдау кезеңінде 28 қызмет көрсетілді.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Нақты Нұсқаулар мен растайтын құжаттардың бекітілген нысандарының болуына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

9. «Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру» мемлекеттік қызметі.

Мемлекеттік қызмет ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 18.08.2022 № ҚР ДСМ-84 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі.

Қызмет «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы электронды форматта көрсетіледі. Талданған кезеңде 486 қызмет көрсетілді. Көрсетілген мемлекеттік қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдерін бұзу және шағымдар жоқ.

Нақты Нұсқаулар мен құжаттарды «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы электронды форматта шығаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Колледжде рұқсат беру функциялары жоқ.

6. Бақылау функцияларын іске асыру

Колледж бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

7. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Экономист

Экономистің негізгі міндеті:

- колледж қызметінің шығыстары мен кірістерін жоспарлау, экономикалық дамудың перспективалық және қысқа мерзімді болжамдарын, бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастыру;

- колледж жұмысының жылдық даму жоспарын жасау;

- кәсіпорын қызметтері өз бетінше өтінім бере отырып, колледжді бюджеттік жоспарлау;

- Колледж бухгалтериясымен бірлесіп өндірістік-шаруашылық қызмет нәтижелерін есепке алу және талдау бойынша жұмыстарды әдістемелік басқару және ұйымдастыру.

- алдағы өндірістік және өзге де шығындарды есептеу және ықтимал пайда мен залалды болжау;

- Колледж қызметтерінің жасалған шарттарға сәйкес қызмет түрлері бойынша ағымдағы жоспарлардың жобаларын дайындау бойынша жұмысты ұйымдастыру (есеп айырысуды негіздеу);

- ұтымды есеп құжаттамасын әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикасының 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығының негізінде мемлекеттік мүлік тізілімінің порталында даму жоспары қалыптастырылады.

2023 жылдың екінші жартыжылдығында Даму жоспарын нақтылау (№2 түзету) Байқау кеңесінің 2023 жылғы 17 қарашадағы шешімі негізінде жүргізілді.

Түзету 043 бағдарламасы бойынша "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында» кіші бағдарламасы 015 "Жергілікті бюджет есебінен" және 011 "Республикалық бюджет есебінен" ерекшелік 159 «басқа қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу" бойынша – 463 476,0 мың. тг. енгізілді. 044 "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру» бағдарламалары бойынша білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету кіші бағдарламасы бойынша, 015 "Жергілікті бюджет есебінен" және 011 "

Республикалық бюджет есебінен" ерекшелік 159 басқа қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу" кіші бағдарламасы бойынша – 129386,0 мың теңге. Ақылы қызметтерді сатудан - 214100,0 мың теңге.

2024 жылға мемлекеттік мүлік тізілімінің порталында 043015 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау" бағдарламасы бойынша, 015 "Жергілікті бюджет қаражаты есебінен" кіші бағдарламасы бойынша 159 "Өзге қызметтерге ақы төлеу" ерекшелігі бойынша 504403,00 мың теңге жыл сайынғы нақтылау енгізілді. 044 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға» кіші бағдарламасы бойынша 015 «жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету, 159 "Өзге қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу" ерекшелігі бойынша 109062,00 мың теңге сомасына, сондай-ақ 011 ерекшелік бойынша республикалық бюджет есебінен 67163,00 мың теңге сомасы стипендияны арттыруға жоспарланған. 2024 жылғы 1 наурыздан бастап Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен ерекшелігі 003-015-159 «шетелде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бойынша 107590,00 мың теңге сомасына 2024 жылға №4 шарт жасалды. Ақылы қызметтерді сатудан 2024 жылға жоспарланған сомасы 245000,00 мың теңге. Ақылы қызметтерді сату есебінен 2024 жылдың басындағы қалдық 32289,2 мың теңгені құрады. 2024 жылдың соңына 4000,00 теңге сомасында табыс алу жоспарлануда.

Бюджет қаражатын қалыптастырудың және жұмсаудың бюджет қаражатының заңдылығымен бірге бюджет қаражатын дамытудың негізделген жоспарын жасау және мақсатты пайдалану.

Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру

Бухгалтерлік есеп бөлімінің негізгі міндеті бухгалтерлік есепті ұйымдастыру, колледждің қаржылық жағдайы туралы толық және сенімді ақпарат қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Шаруашылық қоймасында тексеру жүргізу кезінде негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтар (басқа өндірістік және шаруашылық мүкәммал, медициналық жабдықтар және т.б.) ұзақ уақыт сақталғандығы анықталды.

Жылжыту арқылы тексерілгеннен кейін барлық негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтар бөлімдер бойынша жұмыс істеу үшін пайдалануға берілді.

б) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: ТМҚ мен ОЖ ұзақ уақыт сақтаған кезде қоймада амортизация есептелмейді, жабдықтың модификациясы ескіреді, жарамдылық мерзімі аяқталады. Жүргізілген талдау

нәтижелері тауарлық-материалдық құндылықтардың (бұдан әрі – ТМҚ) және ОЖ нақты болуы тұрғысынан тұрақты жүргізілетін түгендеу сақтау мерзімі мәселелерін қозғамайтынын көрсетеді.

Ұсынымдар: бухгалтерия шаруашылық жұмысы жөніндегі басшымен бірлесіп, сатып алынған сәттен бастап есептен шығарылғанға дейін ТМҚ қозғалысының тәртібі туралы регламентті әзірлеу кезінде қоймалық есепке алуды (қойманы) ұйымдастыруды көздерін, өйткені бұл ТМҚ мен ОЖ-нің түсуін, қозғалысын және ауыстыруына, сондай-ақ ұзақ мерзімді сақталуын бақылауға мүмкіндік береді.

2024 жылғы 30 мамырда "Астана қаласы әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" ММ №154-ө бұйрығымен Мемлекеттік мүлік тізілімінің порталында колледждің 2023 жылға арналған даму жоспарының орындалуы бойынша есеп бекітіліп барлығы 781 210,74 мың теңге игерілді, оның ішінде 043 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды даярлау" бағдарламасы бойынша 015 "Жергілікті бюджет есебінен" кіші бағдарламасына және 011 "Республикалық бюджет есебінен" ерекшелік 159 басқа қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу" кіші бағдарламасына - 463 476,0 мың. тг. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" бағдарламасы бойынша, 015" Жергілікті бюджет есебінен кіші бағдарламасы және 011"Республикалық бюджет есебінен" ерекшелік 159 басқа қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу " кіші бағдарламасы бойынша – 128 536,7 мың теңге. Ақылы қызметтерді сатудан - 209435,1 мың теңге.

2023 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 7 270,0 мың теңгені құрады және 5% мөлшерінде 363,48 мың теңге аударым төленді, төлем тапсырмасы күні 09.04.2024 ж. №375.

Қаржы қаражатын игеру және бөлу халықаралық қаржылық есептілік стандартының (ҚЕХС) белгіленген талаптарына ҚР заңнамасының талаптарына және ішкі нормативтік актілерге сәйкес жүргізіледі, байқау кеңесімен келісіледі.

Колледжде Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін дұрыс көрсету үшін жыл сайын мемлекеттік сатып алу порталы арқылы аудит жүргізу қағидаларына сәйкес тәуелсіз Аудит жүргізіледі. 2023 жылы 10.04.2024 ж. аудитті "GG –Audit Consulting" ЖШС жүргізді, 18.10.2019 ж. ҚРФ берген аудиторлық қызметпен айналысуға №19020953 мемлекеттік лицензия.

Мемлекеттік сатып алу бөлімі

Кәсіпорын мемлекеттік сатып алуды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Талданып отырған кезеңде 2023 жылғы 01 шілдеден 2024 жылғы 15 мамырға дейін кәсіпорында жалпы сомасы 70 425 513 теңгеге тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 290 шарт жасалған (оның ішінде ҚҚС есептемегенде 28 528 299,7 теңге сомасына, ҚҚС есептегенде 41 897 213,3 теңге сомасына шарттар жасалды).

№	Сатып алу тәсілдері	Шарттар саны	ҚҚС есебімен теңгедегі сома
1	Ашық конкурс	1	3 785 600
2	Негіздемелік келісімді пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың екінші кезеңі	2	1 452 000
3	Баға ұсыныстарын сұрату	205	28 585 150,14
4	Жүргізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу	49	18 147 161,53
5	тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу	9	13 917 473,2
6	Электрондық дүкен	24	4 538 128,04
	Барлығы:	290	70 425 513

Мемлекеттік сатып алу порталында сатып алу жоспарын уақтылы орналастыру мәселелері бойынша ескертулер жоқ. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары тиісті бұйрықтардың (28.12.2022 ж. №664 және 28.12.2023 ж. №740) негізінде белгіленген мерзімде порталда орналастырылады.

Тауарларды, көрсетілетін қызметтерді және жұмыстарды мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген жоспарға сай жүргізіледі. Ай сайын мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша ерекшеліктер бойынша үнемдеу мөлшері айқындалады және ұсынылған өтінімдер немесе қызметтік жазбалар негізінде Заңның 5-бабының 7-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізіледі.

Ашық конкурс тәсілімен сатып алуды өткізу кезінде кәсіпорын басшысы бекіткен комиссия құрылады, оның құрамына: басшының орынбасары ("Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 125-тармағына сәйкес), құзыретті қызметкерлер, бейінді мамандар және заңгер кіреді.

Шарттардың барлық жобалары жеткізушіге алдын ала жіберіледі, мерзімдері сақталады. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес келеді. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар мерзімінде жасалады, бұл мемлекеттік сатып алу веб-сайтында көрініс табады.

Орындалған шарттар бойынша төлем шарттың талаптары бойынша, яғни көрсетілген қызметтер/тауарды жеткізу фактісі бойынша күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Талданатын кезеңде тауарды уақтылы жеткізбеу және шарт бойынша қызметтерді (жұмыстарды) орындау жағдайлары болды. Тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды жеткізудің кешіктірілуіне байланысты қосымша келісіммен жасалған шарттың талаптарына сәйкес мерзімі өткен әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбының сомасы ұсталды. Орындалмаған шарттық міндеттемелер бойынша сотқа 5 талап арыз жіберілді.

Талданып отырған кезеңде мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе жою фактілері анықталмаған.

Орташа нарықтық көрсеткіштерден тауарлық-материалдық құндылықтардың аффилиирлену және құнының асып кету фактілері анықталған жоқ.

Мониторинг барысында кәсіпорын тарапынан мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімі бойынша шағымдар түскен жоқ.

Сонымен қатар, тексерілетін кезеңде прокуратураны тексеру кезінде мынадай бұзушылықтар анықталды:

- «Алматы» ауданының прокуратурасын тексеру қорытындысымен 18.07.2023 ж. анықтамада Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұсынысы негізінде «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 207-бабы 11-тармағын бұзғаны үшін кәсіпорын директоры А.Н. Саржанованы аудандық прокуратураның 19.04.2023 ж. әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы көрсетілген.

7) және 8) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында өтінімдерді дұрыс қалыптастырмау бөлігінде тәуекелдер туындауы мүмкін. Сондай-ақ ТМҚ және белгіленген ұлттық және мемлекетаралық стандарттарға сәйкес келмейтін қызметтерді сатып алу.

Ұсыныстар:

1) өтінімдерді қалыптастыру кезінде мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, өтінімдерді беру алгоритмі мен тәртібін, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға техникалық сипаттаманы әзірлеуді, сондай-ақ орындаушылардың мерзімдері мен жауапкершілігін регламенттейтін ішкі нормативтік құжатты (регламентті, қағидаларды) әзірлеуге міндетті.

2) кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (ТЖҚ) мемлекеттік сатып алуға қатысты тиісті құжаттарды (тауарларды сатып алуға техникалық сипаттамалар және т.б.) ресімдеуге жауапты тұлғалар ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын ТЖҚ-ға мемлекетаралық стандарттарды көрсетуді қамтамасыз етуі қажет.

Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсету.

Техникалық сипаттаманы әзірлеген адам техникалық сипаттамада көрсетілген стандарттың болмауы немесе дұрыстығы бөлігінде заңнаманы бұзғаны үшін дербес жауапты болады.

3) Кәсіпорын басшылығын, құрылымдық бөлімшелердің басшыларын және барлық мүдделі тұлғаларды мемлекеттік сатып алу саласында қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы тұрақты негізде хабардар ету.

Шаруашылық қызметті жүзеге асыру мәселелері

2023 жылғы 1 шілдеден 2024 жылғы 15 мамырға дейін талданған кезеңде экономикалық қызметпен ТЖҚ сатып алуға 215 өтінім берілді.

Колледждің қаралып отырған кезеңдегі өрт қауіпсіздігіне қатысты, оқу ғимараты мен жатақхана ғимараттарында төтенше жағдайлар қызметкерлерімен тексеру барысында өрт қауіпсіздігінің бұзушылықтары анықталып, 2024 жылдың 15 тамызына дейін жою мерзімі белгіленді.

Қазіргі уақытта кейбір ескертулер алынып тасталды, қалған ескертулер бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Талдау барысында тауарлы-материалдық құндылықтарды есептен шығару бойынша істің жай-күйі тексерілді, 2023 жылдың соңына дейін шаруашылық қызметімен жұмыстардың аяқталуы туралы актіні және тауарлық-материалдық құндылықтарды есептен шығару бойынша қаржылық

жауапты тұлға жұмыс істеп тұрған есептен шығару комиссиясының қатысуынсыз жүзеге асырғаны, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын құру кезінде қоймадағы тауарлы-материалдық құндылықтардың қалдығы есепке алынбағаны анықталды.

2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жоспарлау кезінде қоймада тауарлы-материалдық құндылықтардың болуын есепке алуды және қалдықпен салыстыруды, сондай-ақ тауарлық-материалдық құндылықтарды есептен шығару және орындалған жұмыстар мен қызметтерді қабылдауды колледж директорының бұйрығымен құрылған комиссия жүргізеді.

9) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында өтінімдерді дұрыс жасамау, тауарларды жеткізу, дұрыс сақтамау, тауарлық-материалдық құндылықтарды дұрыс пайдаланбау және есептен шығару салдарынан тәуекелдің туындауы мүмкін.

Ұсыныстар:

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын қалыптастырудан бастап есептен шығаруға дейінгі тауарлық-материалдық құндылықтар мен қызметтердің қозғалысы тәртібін қамтамасыз ету талаптарын реттейтін ішкі нормативтік құжатты әзірлеу.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Колледж ақпараттық жүйелерді (АЖ) әзірлемейді, өйткені ол тек қызметтердің пайдаланушысы болып табылады. Жұмысты ұйымдастыру, қажетті қызметтер мен тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуді бағдарламалық қамтамасыз ету жөніндегі маман жүзеге асырады.

Ақпараттық бағдарламаларға қызмет көрсету мен ұйымдастыру техниканы жөндеуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт негізінде Жеткізушілер жүзеге асырады.

2023 жылы 4 келісім шарт бойынша кәсіпорынға ҚҚС – мен 422 150 теңге сомасына қызметтер көрсетілді (соның ішінде компьютерлерді, перифериялық кеңсе техникасын, жабдықтарды және олардың бөлшектерін жөндеу жұмыстары, доменді тіркеу және хостингті жаңарту бойынша қызметтер, картридждерді толтыру қызметтері, IP техникалық қолдау көрсету және т.б.). Жалпы сомасы – ҚҚС-пен 422 150 теңге.

07.01.2023 – 28.05.2024 жыл аралығы талданған кезеңде 15 келісім-шарт бойынша кәсіпорынға ҚҚС – пен 5 538 202,40 теңге сомасына қызметтер (Интернет желісіне сымсыз қосылуды қамтамасыз ету, электронды құжат

айналымы, ұйымдастыру техникасын жөндеу, картридждерді толтыру, техникалық АЖ қолдау және т.б.) ұсынылды. ҚҚС-пен 249 159,65 теңгеге сатып алынған тауарлар мен материалдар, ҚҚС-пен 972 889,96 теңге сомасында ОС (MFP принтерлер), жалпы сомасы ҚҚС есебімен 6 760 252,01 теңге.

2023 жылға арналған шарттар бойынша тауарлар мен материалдар және қызметтер толық көлемде ұсынылды, кәсіпорынға жеткізу мерзімдері, сондай-ақ қызметтердің, тауарлар мен материалдардың сапасына қатысты сот органдарына шағымдар түскен жоқ. 2024 жылға арналған келісім шарттар жұмыс үстінде.

9. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

Заң кеңесшісі

(талап-арыз жұмысы)

2023-2024 оқу жылына Талапкерлерді қабылдау бойынша ішкі бұйрықтар негізінде колледж заңгері Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК студенттерімен шарт жасасты:

- ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге – 207 келісім-шарт;
- мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын студенттермен – 353 келісім-шарт.

Тексерілетін кезеңге 2023-2024 жж. Талаптар мен талап-арыздар бойынша кәсіпорынның заңгері Астана қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа жекелеген Жеткізушілердің тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді жеткізу бойынша міндеттемелерін (келісім-шарттан туындайды) уақтылы және сапалы орындамағаны үшін Жеткізушінің сенімсіздігіне қатысты 11 талап-арыз берді., оның ішінде:

- а) Тапсырыс берушінің қоймасына тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді жеткізуге және өсімпұлды төлеуге байланысты Жеткізушінің сенімсіздігіне қатысты 2 талап талапкердің өтініші бойынша қараусыз қалдырылды.
- б) Тапсырыс берушінің алдындағы шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін (тауарлар іс жүзінде жеткізілмеген, сәйкесінше төлем жасалмаған) Жеткізушінің сенімсіздігіне қатысты 9 талап-арыз толық көлемде қанағаттандырылды;
- в) Тапсырыс берушінің талаптары бойынша сотпен қабылданбаған талаптар жоқ.

Қазіргі уақытта Тапсырыс берушінің сот органдарында қаралып жатқан шағымдары жоқ.

2023 жылдан 2024 жылға дейінгі талданған кезеңге жосықсыз өнім берушілерге қатысты сотқа талап-арыз беру мерзімдерін бұзу фактілері жоқ.

2023 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде жосықсыз өнім берушілерге талап қою шараларын қабылдаудың уақтылығы мен толықтығы және колледжге тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді жеткізу шартының талаптарын тиісінше орындамаған жоғарыда аталған Жеткізкішілерге қатысты дереу толық жауап беру қамтамасыз етілген.

Қаралып отырған кезеңде Астана қаласының Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына мамандарды даярлауға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өндіру туралы 2 талап-арыз берілді, оның ішінде:

- Бітірушінің медициналық ұйымдарда оқуы мен жұмысы үшін берешегін толық өтеуге байланысты (мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған жас мамандарға/түлектерге қатысты) талапкердің өтініші бойынша 1 (бір) талап арыз қараусыз қалдырылды;

- 28.01.2003 ж. туылған Пердабекова Мадина Мұхтар Кизиге қатысты жұмыстан бас тартуына байланысты оқуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өндіріп алу туралы 1 (бір) талап-арыз толық көлемде қанағаттандырылып, жеке сот орындаушысына орындауға берілді.

10) Шартты түрде тәуекел бар, өйткені кәсіпорынға Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 207-бабына сәйкес талап-арызды сот органдарына уақтылы бермеуіне байланысты 10-нан 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бойынша ұсынымдар.

Кәсіпорынның шағымдарын берудің уақыттылығына тұрақты бақылауды жүзеге асыру, жосықсыз Жеткізушілердің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу мерзімдерін бұзуына байланысты тәуекелдерге талдау (талдамалық анықтама) жүргізу, сондай-ақ түлектерге/жас мамандарға оқуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекет пайдасына өндіру туралы талап қою.

Өз қауіпсіздік қызметін ұйымдастыру мәселелері

Қауіпсіздік қызметінің маманы (бұдан әрі – Қауіпсіздік қызметі) 2024 жылғы 15 қаңтардан бастап Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК - де (бұдан әрі – колледж) өз қызметін жүзеге асырады.

Қауіпсіздік қызметінің маманы өз қызметін қауіпсіздік қызметі маманының қызметін реттейтін нормативтік құжаттарды әзірлеп, бекітті: «Қауіпсіздік қызметінің маманы туралы» Ереже, «Қызметтік тергеулерді ұйымдастыру және жүргізу туралы» нұсқаулық, «Өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру туралы» нұсқаулық (әкімшілік ғимарат), «Өткізу

және объектішілік режимдерді ұйымдастыру туралы» нұсқаулық, «Кіру және объектішілік режимдерді ұйымдастыру туралы (жатақхана ғимараты)», сондай-ақ мыналарды басшылыққа алады: Қазақстан Республикасының заңнамасын; Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 қарашадағы № 106-3108 қаулысымен бекітілген колледж Жарғысы, Коммерциялық және қызметтік құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.

Қауіпсіздік қызметінің маманы Тәртіптік комиссияның және қызметтік тергеу жөніндегі жұмыс тобының жұмысына қатысады.

11) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: мүдделер қақтығысы, билікті асыра пайдалану, мұнда қауіпсіздік саласындағы маманның кәсіби міндеттеріне қайшы келетін жеке мүдделері болуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша ұсыныстар:

Қауіпсіздік жөніндегі маманның қызметінде шешім қабылдау үдерістерінің ашықтығын және олардың негізділігін қамтамасыз ету үшін ішкі аудит, тексеру және тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша бөлім басшысына есеп беру қажет. (қызметтік хат, талдамалық есеп, аудит қорытындысы, орындалу барысы туралы есеп). Бұл шара жоғарыда аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет көрсету туралы үлгі Ережеге, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауды қамтамасыз ету қызметінің функциялары туралы ішкі Ережелерге сәйкес - Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары медициналық колледж» ШЖҚ МКК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі, 2023 жылғы 20 желтоқсаннан бастап функциялар мен өкілеттіктер колледждің комплаенс қызметкеріне жүктелді.

Талданған кезеңде келесі жұмыстар жүргізілді:

1. Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітілді;

2. Бірқатар түсіндіру және оқыту іс-шаралары өткізілді:

- 2023 жылы – 4 іс-шара (семинарлар мен кездесулер).

- 2024 жылы – 2 іс-шара (семинар – кеңес) және 1 іс-шара (кездесу);

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін оқытушының бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылуы фактісі анықталды (толық ақпарат осы Талдамалық анықтамада Персоналды басқару бөлімінде берілген);

4. Кәсіпорын қызметкерлерінің өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы комплаенс қызметкерін хабардар ету үшін хабарлама беру арнасының (оның ішінде жасырын) жұмыс істеуі қамтамасыз етілді (сенім телефоны – 8701-514-79-26). Осы уақытқа дейін ешқандай хабарламалар болған жоқ;

5. «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыты жобаларын орындау жөніндегі Нұсқаулықтың №1 қосымшасына сәйкес уәкілетті органдарға тоқсан сайынғы есептерді уақтылы ұсыну қамтамасыз етілді;

6. Талданатын кезең үшін:

- мүдделер қақтығысы болған кезде қызметтік міндеттерді орындау фактілері анықталмаған;

- кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамау, толық немесе уақтылы қабылдамау фактілері анықталған жоқ;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілері анықталмаған;

- егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кіретін болса, оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдау фактілері орын алған жоқ;

- ҚР шегінен тыс орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу, иелену, қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау фактілері анықталған жоқ;

- Жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ-тан колледж қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз әрекеттер туралы шағымдар түскен жоқ.

Қазіргі уақытта колледж «парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі менеджмент жүйелері» 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу, сертификаттық аудитке дайындау бойынша қызметтерді сатып алуға ашық конкурс өткізуде.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР:

1. Астана қаласы әкімдігінің "Жоғары медициналық колледж" ШЖҚ МКК Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісіп, әзірлесін.

2. Жауапты тұлға – комплаенс қызметкері жұмыс тобының құрамында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтамаға қол қойылған күннен бастап ұсынымдарды орындауды бақыласын.

3. Жауапты тұлға – комплаенс қызметкері және кәсіпорын қызметінің басшылары – колледж қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға бағытталған жұмыстарды тұрақты негізде жүргізуі қажет.

Жұмыс тобының жетекшісі,
директордың оқу өндірістік-тәжірие жұмысы бойынша
орынбасары



Кадышева И.В

Директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша
орынбасары



Ахмет К.Ы.

Комплаенс офицер



Оразбеков Д.Б.

Бас бухгалтер




Хамзина Ж.Т.

Кадрлар жөніндегі Менеджер



Жупарбаева А.М.

Шаруашылық қызметінің басшысы



Хасенов А.С.

Заңгер



Габдуллин Б.К.